

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары әскери оқу орындарына қабылдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 160 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы N 54 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 21 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4097. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 275 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2011.06.24 № 275 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары әскери оқу орындарына қабылдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 160 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3642 болып тіркелген, 2005 жы л ғы 2 9 қ а р а ш а д а ғы N 222 "Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары әскери оқу орындарына қабылдау ережесінде:

4-тармақтағы "прапорщиктер мен мичмандар" деген сөз алынып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жоғары әскери оқу орындарына:

1) әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма бір жастан аспаған азаматтар;

2) қабылданар жылы жиырма төрт жасқа толмаған әскери қызмет өткерген азаматтар және мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер;

3) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер қабылданады. Әскери даярлық бойынша қосымша бағдарламалары бар білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері әскери оқу орындарына түсуде артықшылығы бар құқыққа ие болады."

14-тармақтағы "жетекшілік ететін бірінші басшы орынбасарының" деген сөздер "Штабтар бастықтары комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі бірінші орынбасарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

32-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери университеттерге түсетін кандидаттарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрі мен әскер тектерінің кеңестері бекітеді."

33-тармақтағы "көшірме" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрінің, әскер тектерінің және өңірлік қолбасшылықтардың" деген сөздермен толықтырылсын, бұдан әрі мәтін бойынша;

39, 40 және 41-тармақтағы "құрамалар" деген сөз "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрінің, әскер тектерінің және өңірлік қолбасшылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

51-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қабылдау комиссиясының төрағасы жоғары оқу орнының бастығы болып табылады.";

65-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Жоғары оқу орнына қабылдау (бас тарту) туралы қабылдау комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді (осы Ережеге 8-қосымша). Жоғары оқу орындарына тыңдаушыларды қабылдау Қорғаныс министрінің, ал курсанттарды - тиісті жоғары оқу орындары бастықтарының бұйрықтарымен жүргізіледі."

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Армия генералы

К Е Л І С І Л Д І

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і

2006 жылғы " __ " _____